Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

12 маусым 2024 жыл Іс №7527-24-00-2/5320 Алматы қаласы

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.Б.Нұрбеков,
сот отырысының хатшысы М.Б.Исқандардың қатысуымен ашық сот отырысынды бейнебайланыс арқылы келесі талап бойыша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Алматы қаласы Әуезов ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Enif Stroy» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

СОТ ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Омарова С.Ғ.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Қорытындылар туралы 11655434-КРБС1 санды хаттамаға сай «Enif Stroy» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - Серіктестік) 68552615-КРБС1 санды лот бойынша жеңімпаз болып жарияланған.

Талап қоюшы жауапкер мемлекеттік сатып алуларға қатысқан кезінде жалған мәліметтерді ұсынғанның алға тартып, жауапкерді мемлекеттік сатып алуларының жосықсыз қатысушы деп тану сұрайды.

Жауапкер талап қоюға пікірді сотқа ұсынбады.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қоюда көрсетілген негіздермен талаптарын қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер тиісті түрде хабарландырылғанына қарамастан, өз өкілінің сотқа келуін қамтамасыз етпеді.

Сот жауапкердің өкілінің сотқа келмеу себептерін дәлелсіз деп таныды. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі (бұдан әрі - АПК) 196 бабының 4 бөлігінің негізінде азаматтық істі оның қатысуынсыз қарады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (ары қарай - Заң) 12 бабының 4 тармағына 1) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Заңның 12 бабы 5 тармағына сай, осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (ары қарай - АК) 359 бабының 1 тармағына сәйкес борышқор кінәлі болған кезде, егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, міндеттемені орындамағаны және (немесе) тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауап береді. Егер борышқор міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғанын дәлелдесе, ол кінәсіз деп танылады.

Сот отырысында анықталғандай, жауапкер мемлекеттік сатып алуларға қатысу барысында конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпараттар берген.

Аталған жағдай «Шымкент қаласының сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары» басқармасының 2024 жылғы 03 сәуірдегі №24-03-13/5745 санды хатымен дәлелденеді.

Бұл хатта келесі объектілер бойынша:

- «Шымкент қаласында дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы». «Самал-1» шағынауданы, Тапсырыс беруші «ЭкоПроКомпани» ЖШС 2019 жыл;

- «Шымкент қаласындағы 12 қабатты тұрғын үй құрылысы, Тұран шағынауданы, №1 тұрғын үй», Тапсырыс беруші «ЭкоПроКомпани» ЖШС 2020 жыл;

- «Шымкент қаласындағы 12 қабатты тұрғын үй құрылысы», Тұран шағынауданы, № 2 тұрғын үй, Тапсырыс беруші «ЭкоПроКомпани» ЖШС 2021 жыл;

-«Шымкент қаласындағы 12 қабатты тұрғын үй құрылысы», Тұран шағынауданы, № 3 тұрғын үй, Тапсырыс беруші «ЭкоПроКомпани» ЖШС 2022 жыл;

- Шымкент қаласындағы әкімшілік құрылыс ғимараттар, Самал-1 шағынауданы, Тапсырыс беруші «ЭкоПроКомпани» ЖШС 2023 жыл;

- Түркістан қаласындағы әкімшілік ғимараттар құрылысы, Тапсырыс беруші «Түркістан облысының Прокуратурасы» ММ 2022 жыл,

Құжатқа қол қойылған: Нурбеков А. Б., 12.06.2024

7527-24-3-1/5932

пайдалануға беру актісі есепке алынғаны туралы мәлімет жоқ деген жауап берілген.

Басқарма келесі объектілер бойынша ғана пайдалануға беру актілері есепке алғанын растаған:

- Шымкент қаласы, Тұран шағынауданы 12 қабатты тұрғын үй құрылысы (жобаны 5 үйге қайта қолдану) 9 тұрғын үй (сыртқы желілерсіз), Тапсырыс беруші «Шымкент қаласының Құрылыс басқармасы» ММ, 2021 жылғы 29 шілде №13;
- Шымкент қаласы, Тұран шағынауданы 12 қабатты тұрғын үй құрылыс, (жобаны 5 үйге қайта қолдану) 5 тұрғын үй (сыртқы желілерсіз), Тапсырыс беруші «Шымкент қаласының Құрылыс басқармасы" ММ, 2021 жылғы 30 қыркүйете №26».

Осылайша, «Enif Stroy» ЖШС-нің мемлекеттік сатып алуларға қатысу барысында конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпараттар бергені іске қатысты дәлелдермен расталады.

АПК-нің 65 бабының 3 бөліміне сәйкес, істің заң бойынша белгілі бір дәлелдемелермен расталуға тиіс мән-жайларының ешқандай басқа дәлелдемелермен расталуы мүмкін емес.

АПК-нің 72 бабы бойынша әр тарап өзінің талаптары мен қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге, қорғану құралдарын пайдалануға, фактілерді растауға, оларға дау айтуға, процесті адал жүргізуге сәйкес келетін және іс жүргізуге жәрдемдесуге бағытталған дәлелдемелерді және дәлелдемелерге қарсы қарсылықтарды судья белгілеген мерзімдерде келтіруге тиіс.

АПК-нің 73 бабымен реттелегндей, тараптардың қолында бар дәлелдемелерді сотқа ұсынбау осы дәлелдемелерді апелляциялық, кассациялық сатылардағы сотқа ұсыну мүмкіндігін болдырмайды.

Сот отырысы барысында АПК-нің 72 бабының талаптарына қарамастан, жауапкер сотқа мемлекеттік сатып алуларға қатысу барысында конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық ақпарат бергені туралы, жарамды әрі анық дәлелдемелерді ұсынбады.

Сол себептен, сот, талап қоюшының талабы заңды, негізді әрі қанағаттандырылуға тиіс деп есептейді.

АПК-нің 117 бабының талабына сай жауапкерден мемлекеттің пайдасына 1 846 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Алматы қаласы Әуезов ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талабы – қанағаттандырылсын.

«Enif Stroy» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Enif Stroy» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттік пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты, түпкілікті нысанда шешім шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған адамдар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Алматы қалалық сотының апелляциялық сот алқасына Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы берілуі мүмкін.

Шешім түпкілікті нысанда 12 маусым 2024 жылы шығарылды.

Судья: А.Б. Нұрбеков

Көшірме дұрыс

Анықтама: Шешім заңды күшіне енді:21.08.2024ж.

Судья: А.Б. Нұрбеков

Құжатқа қол қойылған: Нурбеков А. Б., 12.06.2024

Судопроизводство

Прошнуровано, пронумеровано на ( ) стр.
Судья Нурбеков А.Б.

7527-24-3-1/5932